ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 қараша №2301-25-00-2/2704 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «NUR» Нұрбақ Нұрболұлы Балтабек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.А.Мақсотова
Жауапкер өкілі Н.Н.Балтабек
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптардың арасында 2025 жылғы 22 шілдеде мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-466 «Алты қырлы сомын болат, диаметрі 16 мм-240 дана» тауарын жеткізу туралы келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың жалпы сомасы 17 143 теңге, орындау мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде, 2025 жылғы 29 шілдеде талап қоюшымен веб-портал арқылы өтінім жолданған, яғни тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 12 тамызға дейін.

Алайда, жауапкер шарттың міндеттемесін орындамады.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, аталған шарт бойынша міндеттеме жауапкермен мүлдем орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, кешіктірілген 30 күнге 514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қолдап, шарттың бұзылғандығын айтып, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талаппен келісіп, тұрақсыздық айыбын төлегенін айтып, тауарды жеткізе алмағандығын мойындап, алайда мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

Прокурор мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қанағаттандырылуға жататыны туралы, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптың бөлігін қараусыз қалдырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 22 шілдеде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-466 келісім-шарт жасақталған.

Орындау мерзімі – 2025 жылғы 12 тамызға дейін.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын айтып, шарт бір жақты бұзылғанын, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі шарттың міндеттемесі орындалмағанын жоққа шығармады, алайда өзін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымау туралы өтініші сотпен негізсіз деп табылады, өйткені Заңның 17-бабының 7-тармағына сәйкес, шарт тараптарына қатысты шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көзделуге тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 24.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Дәуешова О. Ш., 08.01.2026
2301-25-3-1/3214

Сонымен қатар, аталған баптың 9-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі. Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші: 1) осындай өнім берушіні осы Заңда айқындалған тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу; 2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер шарт бойынша қабылданған міндеттемелерін орындамағандығы дәлелін тапты, талап қоюшы Заңмен белгіленген тәртіпте жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы талабын берген.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Алайда, сот отырысында жауапкермен 2025 жылғы 3 қарашада 529,60 теңге тұрақсыздық айыбы төленгені анықталды.

Бұл тұрғыда, талап қоюшының 514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатпайды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «NUR» Нұрбақ Нұрболұлы Балтабекті мемлекеттік сатып алуға

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 24.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Дәуешова О. Ш., 08.01.2026
2301-25-3-1/3214

жосықсыз қатысушы деп тану, 514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «NUR» Нұрбақ Нұрболұлы Балтабек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «NUR» Нұрбақ Нұрболұлы Балтабектен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «NUR» Нұрбақ Нұрболұлы Балтабектен 514 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «24» желтоқсанында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 24.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Даурешова О. Ш., 08.01.2026

2301-25-3-1/3214